

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ТАРИХ ҒЫЛЫМЫН
ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕР**



Мерике ТӨЛЕКОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің профессоры, т.ғ.д., Алматы қ.*

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алған алғашқы күннен бастап еліміздің тарихына ерекше көңіл бөліп келеді. Ғасырлар бойы отарлықта болып, өзінің шын тарихын толығымен зерттей отырып зерделей алмай келген зерттеуші ғалымдар үшін мемлекет тарапынан егемендік жылдарда көптеген қолдаулар жасалынып келеді.

«Халық тарих толқынында» атты тақырыппен кең көлемде Елбасының басшылығымен жүзеге асырылып отырған мемлекеттік бағдарлама аясындағы қазақ тарихының қайтадан зерделенуі Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына кең жол ашты.

Қазақстан тарихы ғылымының алға қойып отырған міндеттерін шешу үшін бірінші орында оны кезеңдеу мәселесін бір жүйеге келтіру керек. Осы кезеңдеуде көптеген ұсыныстар арасынан ең дұрысы және қолайлысы болып табылатыны ол Әлем тарихында қолданылып жүрген кезеңдеу, себебі Қазақстан тарихы да әлем тарихының бір құрамдас бөлігі.

Тарихшылардың алдындағы негізгі міндеттердің бірі тарихи деректерге сүйене отырып өткен кезеңге ғылыми тұрғыдан баға беру. Өткен тарихымызға баға беретіндей заттай деректер мен қатар жазбаша деректер де жеткілікті. Ежелгі кітаптар, жылнамалар, бұйрықтар, әртүрлі құжаттар, көркем әдебиет туындылары. Оның материалы ретінде қағаз, тері, қайын қабығы, тас, жібек мата және т.б. пайдаланылды. Жазбаша деректер материалдық деректерге қарағанда кеш пайда болды, бес мың жыл бұрын, адамдар жазуға үйренген кезде.

Қазақстандағы жазбаша деректер: құлып тастардағы жазулар, династиялық шежірелер, ежелгі жазушылардың ғылыми шығармалары, ғалымдар жазбалары, жиһанкездердің жазбаларында қазақ даласындағы ежелгі тайпалар туралы жазылған. Осы деректер қатарына жататын әскери және бейбітшілік келісімдері, халықаралық хаттамалар, күнделіктер.

Негізінен тарихи білімнің негізі деректерде. Тарихи деректер – зағтай құралдар, жазбаша құжаттар адамзат қоғамының дамуын сипаттайды. Тарих ғылыми болуы үшін осы тарихи деректерге сүйенуі керектігін білеміз. Сондықтан да тарих ғылымының негізгі принциптерінің бірі оның құжаты. Тарихшылар сондықтан да үнемі «Құжатсыз тарих жоқ» деп айтады [1].

Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Халық тарих толқынында» атты бағдарлама жүзеге асырылып жатыр.

Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстандағы тарих ғылымының сапалы дамуына мүмкіндік жасау, ұлттың жаңа тарихи көзқарасын қалыптастыру. Осы бағдарламаның негізінде қазіргі күні еліміздің барлық тарихшы ғалымдарының алдында үлкен міндеттермен қатар күрделі зерттеулер тұр. «Ақтандықтарға» жаңа тарихи құжаттар негізінде ғылыми тұрғыда баға беру, жаңа деректерді ғылыми айналымға кіргізе отырып жаңаша ойлау негізінде халық санасында тарихқа жаңа көзқарасты қалыптастыру. Отан тарихын зерттеуде ескі отарлық тұрғыдағы көзқарастан бас тарта отырып ескі ақпараттарға сүйенуден бас тарту, жаңа деректерді талдай отырып өткен тарихтың шын бағасын беру, Қазақстан тарихын дәуірлеу мәселесіне ерекше талдау жасай отырып өзгеріс енгізу.

Қазіргі кездегі тарих ғылымында ерекше проблемалық тақырып ол тарихи процестерді кезеңдеу және оның теоретикалық әдістемелік негізін талдау. Тарихты кезеңдеу барысында оның белгілі бір жүйелілігін сақтай отырып тарихи процестерді белгілі бір хронологиялық реттілікпен беру қажет. Осы кезеңдердің әрқайсысының белгілі бір ерекшеліктері бар, ол кезеңдеу барысында таңдап алынған критерийге байланысты болады.

Қазақстан тарихын дәуірлеуде жалпы әлем тарихын басшылыққа алатынымыз белгілі, бірақ оның барлық критерийлері біздің тарихымызға сай келе бермейді. Бірақ біз әлемдік тарихи даму процестерінен алыстап та кете алмаймыз. Қазіргі тарихқа жаңаша көзқараспен қарау, жаңаша баға беруде біржақтылық болуы тиісті емес. Ғалым зерттеушілердің әртүрлі пікірлері мен көзқарастарын зерделей отырып бір жүйеге келтіру керек, ол әсіресе Қазақстанның қазіргі заман тарихына байланысты. Қазіргі пікірлер бойынша бір топ тарихшылар кезеңдеуді 1991 жылдан бастаса, екіншілері 1917 жылдан бастайды. Қазіргі күні Қазақстан тарихын дәуірлеу ерекше мәселенің бірі. Кеңес кезінде талдауды қажет етпеді, тарихты кезеңдеу формациялық теориямен тығыз байланысты болды. Ал қазір ол тарих ғылымына бұрынғыдай қолданыла алмайды. Қазіргі күнде басқа теориялық, методологиялық және концептуальды шешім қажет. Екінші мәселе – ол Қазақстан тарихын оқуды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, жаңаша тұрғыда тарихты мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту [2].

Екінші күрделі мәселенің бірі – ол жоғары оқу орындарындағы Қазақстан тарихына бөлінетін кредит санының аздығы, тіпті мектептің 9, 11 класстарына бөлінетін сағат сандарынан да аз. Маман тарихшыларды даярлау үшін бөлінетін кредит саны аз болса қалайша біз маман тарихшы тәрбиелей

аламыз, бірнеше ғасыр материалдарын аз сағатта талдай отырып беру мүмкін емес. Сонымен қатар тарих факультеттерінде Азия және Еуропа елдерінің тарихтарына бөлінген кредиттер саны да аз.

Тарихшылар мен философтар (А. Тойнби, О. Шпенглер) «циклді» даму териясын қабылдады, әрбір өркениет немесе мәдениеттің өзінің пайда болу, өсу, дағдарыс пен құлдырау кезеңі болады. Бірақ бұл концепция да тарихшылар арасында толық қабылданбайды, көпшілігі логикалық ойлау, психология, таным терияларын біледі, бірақ барлығы бірдей тарихи даму заңдылықтарын емес [3].

Тарихшылардың алға басуында тарихи дамудың басқа жолдарында білу, соның ішінде неге бір даму бағыты жеңіске жетті, неге оны қабылдады соны түсіндіре білу керек. Тарихты дәуірлеу негізінен тарихи уақыт категориясына тікелей байланыста.

1997 жылы И.М. Савельева мен А.В. Полетаевтың «История и время» атты іргелі тақырыпқа арналған монографиясы жарық көрді. Онда авторлар уақыт категориясы тарих пәні мен әдісі секілді тарих методологиясында ерекше орын алады. Тарихи уақыт пен тарихи заңдылықтарды таным түсінігінен өткізе отырып Қазақстан тарихын кезеңдеу керек [4].

Әлемдік тарихтағы жаңа концепция тарихи шындықты көрсетуі тиіс, ол тарихи даму кезеңдеріндегі бірқалыптылықты, секірмелі, әртүрлі дамуларды сипаттай отырып болған оқиғаны тарихи деректер негізінде нақты сипаттай алуы тиісті. КСРО ыдырағанға дейін қоғамдық дамуда бір ғана заңдылық, бір ғана концепция басшылыққа алынды, ол маркстік қоғамдық-экономикалық формациялық даму. Қазіргі кезде тарихи дамуды сипаттау мен түсіндіруде жаңаша ойлар мен көзқарастар, жаңа теориялар баршылық. Осы тарихи даму туралы ой пікірлер мен зерттеулер арасынан біз өз еліміздің тарихын зерделеуге тән, ұлттық нақышымызды білдіретіндей болуы тиісті. Әлемдік тарихтың бір құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстан тарихын зерделеуде Әлем тарихының негізіне алынатын әлемдік формациялық теорияны басшылыққа алып келеді.

Қазіргі кезде Отандық тарих ғылымда Қазақстан тарихын дәуірлеу туралы әртүрлі көзқарастар бар. Олардың барлығыда әлемдік тарихи ғылымның даму заңдылықтарын басшылыққа ала отырып қазіргі еліміздің егемендік дамуына сай келетіндей, өткен тарихымызға дұрыс баға бере алатындай жаңа көзқарасқа негізделген тарихи дәуірлердің жаңа әдіс тәсілін іздестіріп отыр. Сол бағытта жұмыстарды жүзеге асырып жатыр десек те болады. Мемлекеттің тарихына және мәдениетіне ғалымдар бұрыннан бастап зерделеп келген, бірақта онда формациялық методология мен кеңестік идеология шеңберінен шыға алмай тарихты жалпылама сипаттады, қазақ халқының өзіне тән ерекше тарихы терең зерттелмеді, ұлттық мәдениеттің ерекшелігі мен оның ұлттық нышаны толығымен ашылып көрсетілмеді. Қазақ мемлекеттілігі тек жалпылама қана сипатталды, ол терең түрде оның шығу тегі мен даму эволюциясы, мемлекеттің құрылуының және дамуының толық кезеңдері нақты берілмеді, үстірт ғана зерттелді.

Еліміз егемендігін алған кезден бастап Отан тарихына деген көзқарас өзгерді, өз еліміздің тарихын тереңнен зерделей отырып өткеннен сабақ алатындай дәрежеде тарихи деректерге сүйене отырып салыстырмалы түрде сипаттай отырып зерттеу қажеттілігі туып отыр. Осыған байланысты біз өткен тарихымызды қайтадан ой елегінен өткізуге, жаңаша қайта жазуға, тарихи даму кезеңдерін жаңадан дәуірлеуге тиістіміз.

Отырыста баяндалғанындай, Қазақстан тарихын зерттеу әлемдік тарихи даму контекстімен байланыста жүзеге асырылуы тиісті. Алып жатқан территориясы жағынан Орталық Азиядағы болып жатқан және болатын күрделі тарихи процестерді дұрыс түсіне отырып бағалау үшін ежелгі кезеңнен бастап бүгінге дейінгі онда тұрып жатқан халықтардың тарихи-мәдени байланыстарын, олардың этносаиясы туыстығы және өмір сүру ерекшеліктері, Орталық Азиядағы интеграциялық процестерді зерттеу қажеттігі туып отыр.

Тарихшының қазіргі кездегі зерттеуінің негізі Еуразия халықтары тарихы негізінде олардың арасындағы әлеуметтік-мәдени байланыстар, геосаия мүдделер мен қазіргі кездегі тарихи жетістіктер мен тарихи дамудағы ұқсастықтарды терең түрде зерттей отырып бағасын беру. Қазақстан тарихы әлемдік тарихпен тығыз байланысты болуы мынадан көрініс алды: номадизм (көшпенділер тарихы), түркі тану, археология, шығыстану, сонымен қоса бірнеше қосалқы пәндер бойынша, модерни және постмодерна дәуірі кезіндегі қоғамды оқуда (философия, әлеуметтік антропология, саясаттану, әлеуметтану т.б.). Ұлттық тарихты танып білу өте ұзаққа созылатын процесс, сондықтан да тарихи ғылым саласында ғылыми кадрларды даярлау қазіргі кездегі ең негізгі мәселенің бірі [5].

Мемлекеттік хатшының баяндамасында қазіргі отандық тарих ғылымындағы негізгі мәселелерді атап көрсетті. Олар: тарихи таным методологиясы, қазақ халқының шығу тегі, тарихтағы жеке тұлғаның рөлі, тарихшы кадрлардың сапасы т.б. [6].

Еліміз егемендігін алған жиырма екі жылдан бері Отан тарихында көптеген ірі жаңалықтар ашылды, мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды, соның ішінде «Мәдени мұра» бағдарламасы. Осы бағдарламаның негізінде еліміздегі тарихшы ғалым зерттеушілер мемлекеттің тікелей көмегінің арқасында шет елдерден қазақ тарихына қатысты көптеген жазбаша деректерді, тарихи естеліктер мен заттай деректерді елімізге әкелінді. Мыңдаған жаңа тарихи құжаттар ашылды.

Егемендік алған алғашқы күннен бастап отандық тарихи ғылым өзінің ғылыми зерттеу шеңберін кеңейтті. «Мәдени мұра» бағдарламасының негізінде ғылыми айналымға жаңа құжаттар енгізілді, ірі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін терең зерттеу басталды. Осы жасалынып жатқан шаралар мен жүргізіліп жатқан зерттеулерге қарамастан көптеген кемшіліктер мен олқылықтар бар: тарихи құбылыстарды зерттеу әдістерін өзгерту, жаңа деректану құжаттарын қолдануды кеңейту. Мемлекеттік «Халық тарих толқынында» бағдарламасы тарих ғылымына кең жол ашып беріп отыр. Оның ішінде ең

негізгісі Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тарихи мұраларды зерттеуге ерекше көңіл бөлуі.

Тарих ғылымында қазіргі уақытта шешімін табуды күтетін біраз проблемалар бар: қазақ тарихшыларының әлемдік тарихи зерттеу бағыттары мен методологиялық жағынан артта қалуы, әлемдік тарихи ойлардың жетістіктерін толық пайдаланбау. Осы кезге дейін қазақ халқының шығуы мен қазақ мемлекеттілігі туралы мәселенің дұрыс шешімін таба алмай өзара пікірталастардың көбейіп кетуі, Орталық Азия елдері өздерінің тарихын түрік этносының пайда болуымен байланыстырса, біз неге одан бас тартуымыз керек. Тұран жерін мекен еткен түркі тілдес тайпалар барлық түркі әлеміне ортақ, сондықтан қазақ халқының негізін салудағы тайпалық одақтардың орны мен рөлін зерттеу қажеттілігі негізгі мәселенің бірі. Сондықтан да тарих ғылымы осындай ірі де күрделі шешімін қажет ететін мәселелерді тез арада қолға ала отырып жаңа тарихи құжаттар негізінде ғылыми бағасын беру қажет.

Қорыта келгенде жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытуда кредит санын көбейту, қазақ халқының негізін салған тайпалар тарихын да терең зерттеу. Ежелгі тайпалық одақтар тарихы мен ортағасырлық рухани мәдениет тарихына ерекше көңіл бөлу. Өткен тарихтан білім саласындағы әдістер мен оқу бағдарламаларынан керек жерлерін алу, атап айтқанда арнайы курстар мен арнайы семинарларды жоғарғы оқу орындарында 2 курстан бастап оқу және Әлем тарихында оқуды кредит санын көбейту қажет. Жоғары оқу орнында тарихшы ғалымдардың ғылыми жұмыстармен айналысуына да мүмкіндіктер жасау қажеттігі туып отыр. Ол үшін ғылым докторлары, профессорлардың педагогикалық жүктемелерін азайтып, оның орнына ғылыми бағытта жұмыс жасауына, деректерді жинақтап ғылыми айлымға қосуларына мүмкіндіктер жасау керек. Сонда ғана біз өз Отанымыздың тарихын Әлем тарихының құрамдас бөлігі ретінде терең оқытуға және маман тарихшыларды даярлауға қол жеткізе аламыз. Мемлекет тарапынан беріліп отырған көмек пен мемлекеттік бағдарлама тарих ғылымының жаңа сатыда дамуына мүмкіндік берері сөзсіз. Қазақстандағы тарих ғылымының келешегі зор. Қазақ тарихына қатысты деректерді бір жерге жинақтай отырып шынайы тарихи бағасын беру арқылы жас ұрпаққа шын тарихи деректерді беру және жастардың патриоттық сезімін оята алатындай жаңа көзқарасқа, өмір талабына сай, бәсекестікке төтеп бере алатындай егемен еліміздің жаңа тарихын жазу негізгі міндетіміз болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Гомаюнов С.А. Композиционный метод в историческом познании. М.: МГПИУ, 1994. 143 с.
2. Галиев В.З. К вопросу о периодизации истории Казахстана // Мысль. 1995. №6. С. 84-86.
3. Кентбеков С.К. Современная казахстанская историография: проблемы периодизации досоветской истории Казахстана // Вопросы источниковедения, историогра-

- фии и методики преподавания истории Казахстана: Сб. науч. ст. Караганда: Изд-во КарГУ, 1997. 134 с.
4. Қозыбай М.К. Ата тарихы туралы сыр // Известия НАН РК: Сер. обществ. наук. 1993. №1. С. 4-5.
 5. Исмагулов О. Этногенез казахов: их близкие и дальние предки // Мысль. 1995. №13. С. 64-68.
 6. Тәжин М.М. «Тарих толқынындағы халық» // Егемен Қазақстан. 06.06.2013 ж.